

"Демеу" ашық акционерлік қоғамын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қазандағы N 1089 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 892 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.30 № 892 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен "Демеу" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын, сондай-ақ оларды күрделі және ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қоғамның жарғылық капиталына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің таратылған "Қару-(Арсенал)-2" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығындағы) кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлікті берсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-32-жолмен толықтырылсын:

" 21 - 32 " Д е м е у " А А Қ " ;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері

мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесі :

мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 266-жолмен толықтырылсын :

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне 266 "Демеу" ААҚ".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі